



БҰЙРЫҚ

29.08.2023

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 233

город Кокшетау

**Банкроттық басқарушыны
шеттету туралы**

2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 15 бабының 3) тармағына, 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 тамыздағы кредиторлар жиналысының шешімінің негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Дастан Дарубаевич Канлыбаев «Кенбидайық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің БСН 040940009706 банкроттық басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.

2. Д.Д. Канлыбаев тағайындалған банкроттықты басқатушыға құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттын мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: БЖБ басшысы А.Б.Амриннің 25.08.2023 жылғы
№11-02-15/2025-ВН қызметтік жазбасы.

Басшы



Д.Нурмулдин